СІЗДІ НЕ ТОЛҒАНДЫРЫП ЖҮР?

Кенжеғали САҒАДИЕВ,
экономика ғылымның докторы, академик, Халықаралық бизнес университетінің президенті

ҚОҒАМНЫҢ ДАМУЫ ҒЫЛЫМҒА ТӘУЕЛДІ

Мені азамат ретінде де, ғалым ретінде де ең алдымен толғандыратын нәрсе – білім мен ғылымның жайы. Әсіресе, осы салада реформаларға байланысты шешімі табылмаған түйткілдер көп.

Жоғары білімнің сапасы тым төмендеп кетті. Соңғы 20-25 жылда жоғары оқу-орындарының материалдық-техникалық базасы жаңғыртылған жоқ. Әсіресе, техникалық, технологиялық жоғары оқу орындары сын көтермейді. Технологиялық жаңалықтар шығандап кеткен бүгіндері біздің университеттер бұдан 30-40 жыл бұрынғы техниканың макетімен оқытады. Ал, ондай университет түлегі бүгінгі заман техникасын игере алмайды.

Нарықтық экономикаға көшкелі қолынан іс келетін, дарынды жастар ғылымнан кетіп қалды. Басты себеп жалақының аздығы. Олардың жоғы кәзір кез-келген университетте, Ғылым академиясында айқын сезіледі. Жетекші ғалымдардың дені менің құрдастарым. Бізден кейінгі жастардың ішінде жетекші ғалым бірен-саран ғана, бұрынғыдай қалың топ көрінбейді. Ұстаздар арасында да солай. Майталман мұғалімдердің көбісі бұрыннан келе жатқандар.

Мен үш университетте 20 жылдан астам ректор болдым. Сол уақытта көптеген жастардың шетелге барып білімін көтеруіне жағдай жасадым. Тек Қазақ аграрлық университетінің өзінен 200-ден астам жас ғалым шетелде оқып келді. Бірақ, солардың көбісі ғылымнан іргесін ажыратып, бизнеске ауысып кетті. Бұл жағдай жалпы реформалық күйзеліспен қатар, жоғары білімнің сапасына кері әсер етпей қоймады.

Жақсы ұстаздарынан тек университеттер ғана емес, ауыл мектептері де айырылды. Шағын мектептер болса да жұмысын тоқтатқан. Ал, ауылда негізінен қазақтар тұрады. Демек, білімсіз қалып жатқандар да қазақтың балалары. Республикалық тест комиссиясының құжаттарымен таныса келе, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Талдықорған, Алматы, Қызылорда облыстарынан келген балалардың тестік балы Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстарынан келген оқушылардың көрсеткішінен бірекі балл болса да төмен екенін байқадым. Өйткені олардың тұрмысы ауыр.

Жаңа министріміз ауыл мектебі деген жаңа бағдарлама жасап, мәселе көтеріп жатыр. Мұны кезінде өзім де ұсынғанмын. Бірақ бұл істі науқанға айналдырмай, тиянақты түрде жүзеге асыруымыз керек.

Талапкерлердің біраз бөлігі жоғары оқу орындарына мемлекеттік тапсырыспен қабылданады. Демек, мемлекет соншма маманға мұқтаж деген сөз. Бірақ тапсырыс берген сол мемлекет 5 жылдан соң онысын ұмытып кетеді. Тапсырыспен жоғары оқу орнын бітіріп шыққан жас маман жұмысқа алынбайды. Жұмысты енді оның өзі іздеуге мәжбүр. 5 жыл бұрын осынша маман керек деп қол қойысып, мөр басысқан министрліктердің ойына кіріп те шықпайды. Ешкім бас қатырмайды. Сонда мемлекет не үшін тапсырыс береді, не үшін қаржы шығарады? Тапсырыс берілген екен, оны соңына дейін атқару керек емес пе? Мемлекеттік басқару жүйесінің бұл бір осал жері.

Жоғары оқу орындарының саны жағынан ешкімге дес бермейміз. Жекешеленген жоғарғы мектептердің саны бүгінде - 122. Оған және мемлекеттік институттар мен университтерді қосыңыз.

Рас, жоғары оқу орындарын ашу жөнінде мемлекет бізге көп кеңшілік жасады. Бірақ сол оқу орындары өздері даярлайтын мамандық шеңберін өте далитып жіберді. Бір университетке 30-40 мамандықтың өзі көп. Ал, бізде 60-70 мамандыққа оқытатын оқу орындары бар. Кеңшілік жасалды екен деп кеңейте берудің астарында қандай мән жатыр? Тіпті олардың көбісі кешегі педагогикалық институттар емес пе? Қапелімде сан түрлі мамандыққа оқытатын оқытушыларды қайдан ала қойды? Материалдық-техникалық базасын қайдан жасақтай қойды? Дамыған шетелдегі шалқыған университеттерде де олай емес.

Осы мәселеге қатысты екі нәрсені айтуға болады. Біріншісі, әлеуметтік жағдай. Бұрын әрбір институт белгілі бір мамандықтар бойынша тәжрибе жинақтап, іргесін бекітіп, өрқайсысы әрбір аймақта отыратын. Бір облыста инженерлер даярланса, енді бір облыста технологтар, енді бір жерде дәрігерлер дегендей. Сол оқу орындарына Қазақстанның түкпір-түкпірінен жастар жиылар еді. Олардың көбісі сола арада танысып, отау құратын. Сөйтіп, Батыстың қазағы Шығыспен, Шығыстың қазағы Батыспен құда болып, араласып жататын. Ұлттың басы қосылатын. Бір діл, бір тілге ұйымдастыруға мұның тигізер септігі керемет еді.

Қазір мұндай араласау жойылуға жақын. Университеті үйінің жанында, жастар қазір өз облыстарынан шықпайтын болды.

Екінші, жоғары оқу орындары қанша жерден көбейіп кетті дегенімізбен, бұл ұрке қарайтын нәрсе емес. Көбейсін. Халыққа білім берсін. Бұл арада мәселе халықтың қанша пайызы жоғары білімді екендігінде болып тұр. Кеңес кезінде орта білім алу міндеттелді. Ол өте жақсы талап еді. Ол орындалды да. Ал, сол кезде халықтың 15-17%-ы ғана жоғары білімді еді. Осы деңгей 20-22%-дан асып көрген жоқ. Америка, Германия, Франция елдері халықтың басым бөлігіне жоғары білім беруді мақсат етеді. Өйткені қоғамның дамуы білім мен ғылымға, яғни жаңа ақпараттық-технологияға тәуелді. Бұл, әрине, өте сапалы жоғары кәсіптік білім алғандардың ғана қолынан келетін шаруа. Қазақстан жаңа технологияны игереміз, өркениетті елдер қатарына қосыламыз деп жатыр. Олай болса, сапалы кәсіби білім алған мамандардың көбейе түскені жөн. Жоғары мектептің көбейгенінен зиян шекпейміз. Бұл уақыт талабына жауап бермейтін оқу орындарын оңды-солды аша бер деген сөз емес. Оларға қатаң талап қойып, кейбіреуін тіпті жауып тастау керек.

Енбігі бір толғандыратын мәселе - ауылдың жайы. Менің туып-өскен жерім, кәзіргі Жангелдин ауданына қарасты Ақкөл ауылы. Баяғыда мұны №1 ауыл дейтін. Халқы ежелден малшаруашылығымен айналысады. Кіндік қаным тамған сол ауылыма 3-4 жыл бұрын барып қайтқанмын. Жағдайлары нашар екен. Ауылдың 40%-дайы егінді ауылдарға, қалаларға көшіп кетіпті. Қалғандары сол ауылда, малдарынан айырылған. Тек жанындағы «Ақкөл» атты көлден балық аулап, жанбағып отыр. «Ақкөлге» Жыланшық өзені мол су құйғанда ғана б а л ы қ берекелі болатын көрінеді. Су болмаса балық та аз.

Туған ауылымның жүдеу кейпін көріп жүрегім ауырды. Қолдан келер қайран аз. Көмектесуге қол қысқа. Осындағы біраз кәсіпкерлердің басын қосып, «Ақкөлге» шағын балық өңдеу зауытын салу үшін қаржы да бергізіп, аулаған балығын өңдеуді үйрету үшін Балықшаруашылығы институтының мамандарын да жіберген едім. Бірақ, ауылдастарым одан ештеңе шығара алмады. Ең өкініштісі сол.

Барлық қазақты қалаға көшіре алмайсың. Қытайдың 70 % - ы әлі күнге дейін ауылда тұрады. Бірақ олар шағын өндірісті ауылға алып келді. Үндістан да сөйтіп жатыр. Даланың иесіз қалмауы үшін, жер иелері ауылда тиянақ табуы керек. Ол үшін біз де ауылға шағын өндірісті тезірек жеткізгеніміз дұрыс. Ауыл адамы тек ауылшаруашылығы кәсібімен ғана айналыспай, шағын өндіріспен де шұғылданғаны жөн. Мысалы, шетел фермерлері негізгі табысын малы мен егінінен емес, сол шағын өндірістен табады.

Бұл әңгіменің бергі жағы, ал тереңдеп айтар болсақ, ет пен сүттің кәзіргі түсімімен, Дүниежүзілік сауда ұйымына қанша жерден кірсек те, ешкіммен бәсекелесе алмаймыз. Біздегі 4-5 сиырдың беретін сүтін дамыған елдер бір-ақ сиырдан сауады. Астық та солай, бізде орта есеппен егін түсімі гектарына 10 центнер. Ал, Қытай гектарына 40 центнерден, Еуропа 60-70 центнерден жинайды. Демек, сүттің, астықтың өзіндік құны біздікімен салыстырғанда бірнеше есе арзан деген сөз. Сонда біз кіммен бәсекелесе аламыз. Олар бізді тобығымен-ақ қағып өтеді. Сондықтан ауыл мен ауылшаруашылығын ғылым ғана көтере алады. Ал ғылымның міндеті — ең кемі гектарына 30 центнер түсім беретін астық тұқымын тауып, ең кемі 5 мың литр сүт беретін сиыр түрін өсіре білу. Міне, сонда ғана ауылдың айдарынан жел есе бастайды. Мұның негізі, қайталап айтайын, ғылымда жатыр. Ол ғылымның аты – биотехнология.

Биотехнологияның ауылшаруашылығына деген өте тиімділігін таныған елдің бірі Үндістан болатын. Бір кезде аш-жалаңаш халқына тамақ тауып бере алмай отырған сол мемлекет қазір тоқ елге айналды. Қытай да бұдан 40 жыл бұрын тамағы тапшы мемлекет еді. Олар да биотехнологияны тиімді пайдалана білді. Сөйтіп ауылшаруашылығы өнімінің түсімін 1 бас малға, 1 гектар жерге шаққанда көтере алды. Кәзір ол ел азығын өзінен артылдырып бізге сататын болды. Мен тек іргедегі мемлекеттерді ғана айтып отырмын. Әйтпесе дүниежүзі бойынша солай. Енді биотехнологияның әдістерін ертең Өзбекстан, Тәжікстан, Түркіменстан да меңгереді. Ресей меңгеруге жақын. Сонда біз қымбат астығымызды қайда сатамыз? Кім алады? Сондықтан да ғылымсыз ауылшаруашылығын дамытамыз деу бекер. Бізде биотехнология ғылымының даму деңгейі өте төмен. Кеңес өкіметі кезінде КСРО Ғылым академиясының көмегімен Ақмолада Биотехнологиялық орталық ашылып еді. Сол орталық жұмысын жандандыра бастаған болатын. Кейінгі уақытта аты естілмейді. Биоинженерлер мен биотехнологтар даярлау мәселесінің де республиканың жоғары оқу орнында алатын орны мәз емес.

Ауылды тірілтеміз десек осы мәселені мемлекеттік деңгейде көтеруіміз керек. Әрине, ниет жақсы. 45-50 жылға арналған дәстүрлі әдістемелер де бар. Сол әдістемені айналдыра береміз, айналдыра береміз. Бірақ ол әдістемеден мал сүтті, егін түсімді болған жоқ. Сондықтан ғылымда күрделі өзгерістер енгізе білетін дарындыларды қолдау керек, олардың идеяларын пайдаланып, жарақтарын жасауға тәуекел еткен дұрыс. Мысалы, 37 жасында Ғылым Академиясының мүше-корреспонденті болған Сергазы Әдекеновке Қарағандыда Фитохимия институтын ашуға көмек еткенмін. Міндет Қазақстанда өсетін өсімдіктерден рак ауруына қарсы дәрі табу еді. Тапты да. «Арглабин» дәрісін бүгінде Америка сатып алуда.

Қазір жақсы дамып келе жатқан осы институт. Бірақ өндірістен сұраныс болмаса, ашқан жаңалығымыз кімге керек? Өндіріс нарыққа енді бейімделіп келеді. Сауданы игердік, ол енді ешкімге таңсық емес. Әрі қарай технологиялық негізде бұйым шығаруға талпыныс басталды. Ол үшін жаңа идея, жаңа технология керек болады. Сол кезде өндірісшілер құлдық ұрып, ғылымға жүгінеді. Біз уақытты созбай осыған жетуге асығуымыз керек.

Жазып алып, жүйелеген Нұрлыбек САМАТҰЛЫ.
Суретті түсірген Нұрғиса ЕЛЕУБЕКОВ.